

Әкімшілік

Тәрбиелеу - Білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №116 орта мектеп

Топ/сынып: МАД «Б»

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 25/10-28 /10 2022 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	26.10.2022ж Сәрсенбі	27.10.2022 ж Бейсенбі	28.10.2022 ж Жұма
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Қош келдіңіздер? Оқушылар!	Сәлеметсіңдер ме? Оқушылар! Көңіл күйің қалай? Тамаша ма?	Сәлеметсіңдер ме? Қалдарың қалай? Бүгінгі сабаққа дайынбыз ба?
Таңертеңгі жаттығу	Кешенді жаттығу. №1	Кешенді жаттығу №2	Кешенді жаттығу №3
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Есте сақтау қабілетін дамытуға арналған ойындар. «Нан қалай жасалады?» Мақсаты: балаларға нанның жасалу жолын түсіндіру. Нан жасауға қатысатын адамдар еңбегін бағалау, қадірлеуге тәрбиелеу. Нанды құрметтеуге үйрету. Көрнекілік: нан, бидай масағы, ұн. Ойын шарты: нанды дастарханға келгенге дейінгі жолын көрсетіп, онда жұмыс істейтін адамдардың еңбегі көрсетіледі. Балалар күнделікті жеп жүрген нанның үлкен еңбекпен келетінін білетін болады. Нан туралы ойларын кезек-кезек айтып шығады. Мақал. Еңбек етсен ерінбей, тояды қарның тілінбейді.	Қимылды ойын: «Дастархан мәзірі» Мақсаты: балаларды тағамдардың жалпы және жеке атауы, ажыратып атай білуге үйрету. Дастархан мәзірін жасауда қажетті заттарды айтқызу арқылы сөздік қорын байыту. Көрнекіліктер: дастархан, оған қажетті заттар, тағам түрлері. Ойын шарты: балаларды топқа бөліп таңертеңгі және түскі асқа қажетті тағамдарды айтқызып, дастархан мәзірін жасатуды жарыс түрінде жүргізу. Балалар дастархан мәзірін даярлау кезінде, тағамдар туралы білетіндерін айтып отырады. Тағамдарды қажет үстелге орналастырады. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Дидактикалық ойын: «Ыдыстарды толықтыр» Мақсаты: ыдыстардың аттарын атап, оларды толықтыруға қажетті құралдарды тапқызу. Ыдыстардың жалпы және жеке атауларын меңгерту. Көрнекіліктер: келі, келсап, күбі, піспек, торсық, шәйнек, қазан, қақпақтар. Ойын шарты: ыдыстардың аттарын ажыратып, оларды толықтырады. Оларда қандай тамақ дайындалатыны, сақталатыны айтқызылады. Мысалы: торсықта қымыз сақталады. Шәй ішуге қандай ыдыстар қажет? Оларды атап, көрсетіп шық. 1.Сауат ашу Тақырыбы: «Біз нені үйрендік, нені білдік?» Мақсаты: дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту. Міндеттері: Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білу қабілеттерін жетілдіру. Тақырып бойынша берілген дидактикалық ойын арқылы сөздік

			қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі, суретпен жұмыс Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?» сөздерге дыбыстық талдау жаса Кері байланыс, рефлексия: «Көңілді смайликтер» әдісі
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1. Математика негіздері Тақырыбы: «Ұзындық. Шартты өлшеуішті пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру» Мақсаты: ұзындық — заттардың созылыңқы болу қасиеті туралы, ұзындық туралы түсінік қалыптастыру. Міндеттері: 1. Шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшемінің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету, әртүрлі ұзындықтағы, биіктіктегі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнату. Логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару қабілеттерін дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу 2. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Шаштараз» Мақсаты:	1. Сауат ашу Тақырыбы: «Қатаң дауыссыз дыбыстар» Мақсаты: қатаң дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту. Міндеттері: Қатаң дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату. Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру. Бастаған істі тиянақты аяқтай білуге тәрбиелеу. Шыдамдылыққа тәрбиелеу Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі, суретпен жұмыс Дидактикалық ойын: «Кім алғыр?» сөздерге дыбыстық талдау жаса Кері байланыс, рефлексия: «Бас бармақ» әдісі 2. Қазақ тілі Тақырыбы: «Көгеністер» Мақсаты: жаңа сөздердегі дыбыстарды дұрыс айтуға машықтандыру, жаттықтыру. Білімділік міндеті: тапқакты жаттау, көгеністердің қазақша атауларын дұрыс айтып,	2. Шығармашылық (кұрастыру, мүсіндеу, сурет, жапсыру) Тақырыбы: (Жапсыру) «Автобус» Мақсаты: заттарды бірнеше бөліктерден бейнелей білу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: 1. Заттың өзгешелігін түсіндіру; шаршы шеттерін кию арқылы дөңгелек пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан түрлі қатпарлы бейнелерді киюды үйрету. Қайшыны, желімді ұқыпты пайдалану дағдысын бекіту. 2. Саусақ моторикасын дамыту. 3. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Алтын астық (Қосжан Мүсіреповтің өлені)» Мақсаты: Әңгімені оқып, сурет бойынша түсіндіру. Жылдың күз мезгілінде бидайдың пісетінін түсіндіру. Үлкендерді құрметтеуге, еңбегін бағалауға дағдыландыру Әдіс-тәсілдер: әңгімелесу, түсіндіру, көрсету, миға шабуыл, сұрақ-жауап, мүсіндеу Дидактикалық ойын: «Пайдалы және зиянды» заттарды себетке бөліп сал Кері байланыс,

	Өлеңді жаттату; Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Әдіс-тәсілдері: Бейнежазба көрсету, түсіндіру, ойлау, сұрақ-жауап, топтық жұмыс Дидактикалық ойын: «Белгілі дыбысқа сөз таңда» (а, р, т, қ) Кері байланыс, рефлексия: «Смайлинг» әдісі 3. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Алтын астық (Қосжан Мүсіреповтің өлеңі)» Мақсаты: Әңгімені оқып, сурет бойынша түсіндіру. Жылдың күз мезгілінде бидайдың пісетінін түсіндіру. Үлкендерді құрметтеуге, еңбегін бағалауға дағдыландыру Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, таныстыру, сұрақ-жауап, тақырыптық суреттер, «Ойлан тап» жұмбақ Дидактикалық ойын: «Ненің суреті жасырылған?» Кері байланыс, рефлексия: «Бас бармақ» әдісі 4. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ерекше сабақтар» Мақсаты: Гимнастикалық орындық үстінде қолды иық пен белге, желке мен басына қойып, жан-жаққа созып, тепе-теңдік сақтап жүруді; кеглилердің	диалог құруға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Дамытушылық міндеті: сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту. Тәрбиелік міндеті: табиғатқа деген сүй. Әдіс-тәсілдер: ашық сұрақ, тақырыптық суреттер, өзіндік Дидактикалық ойын: «Артық затты тап!» Кері байланыс, рефлексия: «Бағдаршам» әдісі 3. Қоршаған орта мен таныстыру (жаратылыстану) Тақырыбы: «Барлық ағаштардың жапырағы түсті ме?» Мақсаты: Ағаштарды тұқымдарынан және олар туралы түсініктерін қалыптастыру. Қайыңға, терекке, шыршаға, қарағайға сипаттама беруге үйретуді дамыту. Туған табиғатына деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу. Әдіс-тәсілдер: әңгімелесу, түсіндіру, миға шабуыл, сұрақ-жауап, суретпен жұмыс, Дидактикалық ойын: «Ағашты безендір» сары, қызыл жапырақтарды жинау Кері байланыс, рефлексия: «Көңілді смайликтер» әдісі 4. Музыка Тақырыбы: «Сабантойды тойлаймыз» Мақсаты: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту. Міндеттері: Қолымен бағытын (жоғары-төмен) көрсете білу, дауыстардың биіктіктерін ажыратып,	рефлексия: «Көңілді смайликтер» әдісі 4. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ерекше сабақтар» Мақсаты: Гимнастикалық орындық үстінде қолды иық пен белге, желке мен басына қойып, жан-жаққа созып, тепе-теңдік сақтап жүруді; кеглилердің арасымен допты басымен итере алға еңбектеуді үйрету. Әдіс-тәсілдері: бакылау, түсіндіру, ойын, жұптық Қажетті құралдар: доп, кедергілер Рефлексия: мадақтау, өзін-өзі бағалау Қимылды ойын: «Жолақтарға аттап секіру» (3 рет). Ені 50 см жолақтардың үстінде секіріп басып жүру. Кері байланыс, рефлексия: «От шашу» әдісі
--	---	--	--

	арасымен допты басымен итере алға еңбектеуді үйрету. Әдіс-тәсілдері: бақылау, түсіндіру, ойын, жұптық Қажетті құралдар: доп, кедергілер Рефлексия: мадақтау, өзін-өзі бағалау Қимылды ойын: «Доп қуу» Кері байланыс, рефлексия: «От шашу» әдісі	жоғары-төменгі қозғалысын ажырату. Музыка сипатына сәйкес қимылдар орындау. Ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Балаларға сабантой мерекесінің мазмұнын таныстыру. Мерекелік көңіл күй сыйлау, ұйымшылдыққа тәрбиелеу пеншілікке тәрбиелеу Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, әңгімелесу, ашық сұрақ, бейнежазба Музыкалық ырғақтық қимылдар: «Жеңіл би» Ойындар, хороводтар: «Етек-етек» ән-ойын Кері байланыс, рефлексия: «Бас бармақ» әдісі	
Серуен	Мектеп айналасына, серуен	Спорт алаңына серуен	Таза ауада серуен .
Балалардың үйге қайтуы	Ертеңге дейін,...!	Амандықта жолығайық!	Жаксы демалыңыздар!